

"Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Реформалар жөніндегі жоғары кеңес туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 414 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы № 824 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 1 шілдедегі № 1337 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Реформалар жөніндегі жоғары кеңес туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 414 Жарлығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің құрамы осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ.Тоқаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2022 жылғы 3 наурыздағы
№ 824 Жарлығына
ҚОСЫМША
Қазақстан Республикасы
Президентінің
2020 жылғы 14 қыркүйектегі
№ 414 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің ҚҰРАМЫ

Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлы	-	Қазақстан Республикасының Президенті, төраға
Сэр Сума Чакрабарті	-	төрағаның орынбасары
Жоғары кеңестің мүшелері:		
Смайылов Әлихан Асханұлы	-	Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

Нұртілеу Мұрат Әбуғалиұлы	-	Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы
Нұрдәулетов Ғизат Дәуренбекұлы	-	Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі - Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы
Пірмагов Ғалымжан Олжаұлы	-	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы
Сүлейменов Тимур Мұратұлы	-	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары
Исекешев Әсет Өрентайұлы	-	Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі
Әбілқасымова Мәдина Ерасылқызы	-	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын дамыту және реттеу агенттігінің төрағасы
Ерғалиев Әсет Арманұлы	-	Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы
Баталов Райымбек Әнуарұлы	-	"Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төралқа төрағасы (келісім бойынша)